



«БЕКІТЕМІН»

«Қызылорда медициналық жоғары  
Колледжі» ШЖК КМК директоры

Ж.А. Калмакова

« \_\_\_\_\_ 2025 ж

## Студенттердің Ар-намыс кодексі

### 1. Жалпы ережелер

Қызылорда медициналық жоғары колледж *(бұдан әрі-колледж)* студенттері мен оқытушылары техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінің негізгі міндеттерін жүзеге асыру үшін өз жауапкершілігін сезініп, идиологиялық потенциалы, шығармашылық ойлау дағдылары, мамандық бойынша тұрақты құзыреттілікке ие кәсіптік және мәдени мақсаттағы тұлғаны дайындау және Корпоративтік басқару принциптерін нығайту және дамыту оның міндетті болып табылады, колледж студенттері мен оқытушыларына арналған осы ар-намыс Кодексін қабылдайды және қатаң түрде сақтайды.

### 2. Нормативтік сілтемелер

Осы ар-намыс Кодексі келесі нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленеді:

- 2.1. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 2.2. ҚР Білім туралы заңы;
- 2.3. Қызылорда медициналық жоғары колледжінің жарғысы;
- 2.4. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы;
- 2.5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы;
- 2.6. Колледж әкімшілігі шешімдері мен бұйрықтары;

### 3. Негізгі міндеттер

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасында, осы ар-намыс Кодексінде көзделген құқытардың сақталуын қамтамасыз ету

#### 4. Негізгі функциялар

4.1. Студент өз таңдаған мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының лайықты азаматы ретінде, болашақ медицина мамандығының ең жақсы қасиеттерін дамытуға ұмтылады;

4.2. Студент үлкендерді құрметтейді, басқа адамдарға қатысты дөрекілікке жол бермейді және әлеуметтік қорғалмаған адамдарға көңіл бөледі және мүмкіндігінше оларға қамқорлық көрсетеді;

4.3. Студент әдепсіздік және мәдениетсіздік танытпайды, азғындық көріністеріне және жыныстық белгісі бойынша, ұлттық немесе дің негізінде кемісітушілікке жол берілмейді;

4.4. Студент салауатты өмір салтын қолданады және жаман әдеттерден бас тартады;

4.5. Студент колледждің дәстүрлерін құрметтейді, оның мүлік қорғайды, ғимараттар мен оның ауласын, жатахананы таза және ұқыпты ұстайды;

4.6. Студент шығармашылық қызметті (ғылыми, білім беру, спорт, өнер және т.б.) дамытуға, колледждің корпоративтік мәдениеті мен имиджін жақсартуға бағытталған барлық қажетті және пайдалы іс-әрекеттерді таниды;

4.7. Колледж қабырғасынан тыс жерде, студент әрдайым колледждің өкілі екенін есіне түсіреді және өзінің ар-намасы мен қадір-қасиетін жоғалтпауға тырысады;

4.8. Студент академиялық адалдықтың барлық түрлерімен айналысуды өз міндетіне алады, соның ішінде:

-білім процедураларын өтуде көмек көрсету үшін алдамау және басқа адамдары пайдаланбау;

-өз жұмысының нәтижесі ретінде интернет-ресурстарды қоса алғанда дайын материалдардың кез келген көлемін (рефераттар, емтихандар, тесттер, тезистер және басқада жұмыстар) бермеу;

-жоғары баға алу үшін туыстық және ресми байланыстарды пайдаланбайға;

-сабақтан кешікпеу және сабақты негізсіз себептермен өкізіп жібермеу;

4.9. Студент академиялық адалдықтың барлық аталған түрлерін Қазақстанның болашақ орта буын медицина маманы ретінде экономикалық, саяси және басқарушы элитасына лайықты жоғары сапалы және бәсекеге қабілетті білім алуға сәйкес келуі тиіс.

4.10. Студент оқытушы дәрісханаға кіргенде, орнынан тұрып амандасады, оның рұқсатымен ғана өз орнына отырады. Студенттер колледждің ішкі тәртіп ережелерін сақтауға. Ғимарат ішінде қатты сөйлемеге, темекі тартпауға, спирт ішімдігін ішпеуге, оқытушыларға, студенттерге жылы сөйлеуге, ұялы телефонды қолданбауға міндетті.

4.11. Студент асханада арнайы бекітілген тәртіп бойынша қызмет көрсетуші құрамымен сыпайы болуға, жеке гигиенасын сақтауға және оның нормаларымен жүруге, тамақтану мәнетіетінің талаптарын ұстауға міндетті.

#### 8. Студенттердің этикалық нормалары және тәртіп ережелері

Студенттердің этикалық нормалары (ар-намыс кодексі) — бұл білім алушылардың оқу орнындағы мінез-құлқын, оқытушылармен және

курстастарымен қарым-қатынасын реттейтін адамгершілік принциптері мен ережелерінің жиынтығы. Олар академиялық адалдықты, өзара құрметті және мәдениеттілікті көздейді.

**5.1. Негізгі этикалық нормалар:**

5.2. Академиялық адалдық: Студент емтихандар мен тапсырмаларды өз бетінше орындауы тиіс. Плагиатқа (бөтен еңбекті иемдену), шпаргалка қолдануға, академиялық алдауға тыйым салынады.

5.3. Оқу орнының мәртебесін құрметтеу: колледждің ішкі тәртіп ережелерін сақтау, оқу орнының беделін түсіретін әрекеттер жасамау.

5.4. Өзара құрмет: Оқытушылар мен қызметкерлерге, сондай-ақ курстастарға сыпайы қарым-қатынас жасау. Кемсітушілікке (ұлттық, жыныстық, діни) жол бермеу.

5.5. Жауапкершілік: Сабаққа кешікпей келу, тапсырмаларды уақытында өткізу, оқу процесіне белсенді қатысу.

5.6. Мәдениеттілік және сырт келбет: Оқу орнында киім үлгісін (дресс-код) сақтау, адепті сөйлеу, оқу ғимаратында тәртіп пен тазалықты сақтау.

5.7. Жатақханадағы мінез-құлық: Жатақхананың ішкі ережелерін сақтау, мүлікке ұқыпты қарау және бөлмелестердің тыныштығын бұзбау.

Этикалық нормаларды бұзу салдары:  
Нормаларды бұзған жағдайда студентке тәртіптік шаралар (ескерту, сөгіс, тіпті оқудан шығару) қолданылуы мүмкін.

**5.8. Негізгі міндеттер мен тәртіп:**

- Оқуға жауапкершілікпен қарау: Сабақтарға уақытылы қатысу, оқу бағдарламасын толық меңгеру, тапсырмаларды мерзімінде орындау.

- Тәртіпті сақтау: Оқу орнының ғимаратында және аумағында тыныштық сақтау, педагогтар мен басқа студенттердің еңбегін құрметтеу.

- Мүлікті күтіп ұстау: Оқу орнының мүлкін (жиһаз, кітапхана қоры, техника) бүлдірмеу, ұқыпты пайдалану.

- Сырт келбет пен гигиена: Оқу орнының ішкі ережелеріне сәйкес келетін сырт келбетті (киім үлгісін) сақтау.

- Студенттік билет: Оқу орнына кіру үшін студенттік билетті немесе өткізу құжатын пайдалану.

**5.9. Тыйым салынатын әрекеттер:**

- Сабақтан себепсіз қалу немесе кешігу.

- Оқу орнының аумағына алкогольдік ішімдіктер, темекі, есірткі заттарын әкелу және пайдалану.

- Ұялы телефонды сабақ үстінде пайдалану (оқытушының рұқсатынсыз).

- Академиялық адалдықты бұзу (көшіру, плагиат).

- Ғимарат ішінде жүгіру, айғайлау және басқаларды мазалау.

**5.10. Тәртіптік жаза шаралары:**

Ереже бұзылған жағдайда, студентке жасалған теріс қылықтың ауырлығына қарай келесі шаралар қолданылуы мүмкін.

- Ескерту (ауызша немесе жазбаша).

- Сөгіс жариялау.

- Қатаң сөгіс.

- Оқу орнынан шығару (тәртіптік кеңестің шешімімен).

## 8. Студенттердің міндеттері

Студенттердің міндеттері олардың білім алу процесіндегі негізгі жауапкершілігі мен ұйымдастырушылық қажеттілігіне байланысты. Олар заңдар, оқу бағдарламалары, ішкі ережелер мен жарғылармен анықталады.

6.1. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының толық көлемінде кәсіптік білім алу. Студент мамандығы бойынша теориялық және тәжірибелік білім мен білікті терең меңгеруге, оқу жоспары мен бағдарламаларында қарастырылған тапсырмаларды уақытылы орындауға міндетті.

6.2. Сабаққа жүйелі түрде қатысу студент оқу жоспары мен сабақ кестесіне сәйес сабаққа қатысуға, сабақтан қалмауға және кешікпеуге міндетті.

6.3. Дәлелді себептермен сабаққа қатыспаған жағдайда колледжге хабардар ету, егер студент науқастануға байланысты сабақтарға қатыспаса, ол анықтама құжаттарын тапсыруға міндетті.

6.4. Оқу ақысын уақытында төлеу. Көрсетілген уақытта және мөлшерде оқу ақысын төлеу керек, инфляцияға байланысты өзгерістер енгізілуі мүмкін.

6.5. Ішкі тәртіп ережелерін сақтау, студент оқу ісін реттеу тәртібтерін және тазалықты сақтауға міндетті, техникалық және өрт қауіпсіздігіне қатысты заңнама талаптарын орындау.

6.6. Колледждің іскерлігін және беделін құрметтеу, студент колледж туралы жағымсыз ақпарат таратпауға міндетті.

6.7. Кітапханадан алған әдебиеттерді уақытылы қайтару, егер уақытында қайтармаса, колледждің ішкі тәртіптік құжаттарына сәйкес өсім ақы төлеуге міндетті.

6.8. Өз денсаулығын сақтауға және нығайтуға қамқорлық жасау, студент адамгершілік, рухани және физикалық дамуға, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуға міндетті.

6.9. Білім беру қызметін жүзеге асыратын ұйымның мүлкіне ұқыпты қарау, студент өз міндеттерін орындамағаны үшін тәртіптік жаза қолдануы мүмкін және колледж мүлкіне толық немесе ішкі зәла келтірсе мүліктің толық құнын төлеуге.

6.10. Колледж оқытушылары мен қызметкерлеріне құрметпен қарауға.

6.11. Әскери емеспе тұру ережелерін сақтауға.

6.12. Отбасылық жағдайы, тұрғылықты жері, телефон өзгерсе, үш күн мерзімде өзгерістер туралы хабардар етуге.

6.13. Коллеж өкімдері мен бұйрықтарын, жарғысы мен ішкі тәртіп ережелері, осы шарттын талаптарын орындауға.

## 7. Студенттердің құқықтары

7.1. Студенттердің құқықтары заңдылық негізінде реттеледі және оқу орнының жарғысымен, Заң «Білім туралы» және басқа нормативтік құжаттармен анықталады.

Негізгі құқықтар:

- мемлекеттік білім стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

- жеке оқу жоспарлары бойынша білім алуға;

- оқу жоспарына сәйкес балама курстарды таңдауға;
  - қосымша білім қызметтерін алуға, өз бейімдері мен қажеттіліктеріне сәйкес ақысыз негізде білім алуға;
  - білімді ұйымдастыруды басқаруға қатысуға, бір оқу орнынан басқасына, бір мамандықтан басқасына немесе оқу түрінің бірінен екіншісіне ауысуға;
  - білім ұйымдарында ақпараттық қорды тегін пайдалануға;
  - Қазақстан Республикасының білім және Ғылым министірлігі мен басқада тиісті емлекеттік ұйымдар белгілеген тәртіп бойынша, денсаулығына байланысты академиялық демалыс алуға;
  - Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес күндізгі оқу бөлімінде білім алып жатқан студенттерге оқу мерзіміне сәйкес, әскерге шақыру кейінге кейінге қалдыру қарастырылған;
  - Студенттердің өзін-өзі басқару ұйымына қатысуға;
- Оқу ақысын кезен-кезенмен төлеуге, онда төлем сомасы жалақының ұлғай жағдайында және инфляция индексіне сай жылына бір реттен жиі емес өзгерілуі мүмкін;
- Білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен тәртіппен академиялық демалыстан кейін колледжге қайта қабылданады;

## 8. Қорытынды

8.1. Оқу түріне қарамастан колледждің барлық студенттері осы Кодекс ережелерін қолдану мен орындауға міндетті. Бұл республикамыздың мәдени, қорамдық, экономикалық және саяси өміріне лайықты үлес қоса алатын жоғары білікті орта буын медицина мамандарын даярлауға бағытталған.

8.2. Жеке жауапкершілік қағидасына сәйкес колледж әкімшілігі осы Кодекстің нормаларын бұзған студенттерге қатысты келесі жазаларды қолдануға құқылы:

- Ескерту;
- Сөгіс;
- Жеке ісіне тіркелген қатан сөгіс жариялау;
- Колледжден шығару;

Келісілген

Директордың оқу-ісі  
жөніндегі орынбасары  
Директордың тәрбие ісі  
жөніндегі орынбасары  
Заңгер

Б.Е.Абдиканиева

С.Т.Молдраймова  
Т.Нурумбетов